

**Әкімшінің қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеуге, тіркеуден шығаруға, тіркелген тұлғаның деректеріне өзгерістер енгізуге арналған өтініштер нысандарын, сондай-ақ тіркелгендігін растау және тіркеуден бас тарту нысандарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 сәуірде № 10607 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 18 маусымдағы № 591 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеуге арналған өтініш;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаларды тіркеуден шығару туралы өтініш;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаның деректеріне өзгерістер енгізу туралы өтініш;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаның тіркелгендігі туралы растау;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыруға тіркеуден бас тарту нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 26 ақпандағы  
№ 130 бұйрығына  
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_

(болған жағдайда))

\_\_\_\_\_

(нақты тұрғылықты мекенжайы)

\_\_\_\_\_

(байланыс телефондары)

**Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеуге арналған өтініш**

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 6-тармағына сәйкес әкімшінің қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркеу жүргізуді сұраймын.

Жеке тұлға туралы мәліметтер:

1. Туған күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

2. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

(сериясы, нөмірі және

---

берілген күні, құжатты берген органның атауы).

3. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

4 Біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

(Комиссия шешімі

---

және күні).

5. Жұмыс орны \_\_\_\_\_

6. Тұрғылықты мекенжайы \_\_\_\_\_

(облыс, аудан, қала (ауыл), көше (шағын аудан),

---

үй нөмірі, пәтер нөмірі).

7. Өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығының болмауы туралы  
мәліметтер \_\_\_\_\_

---

8. Наркологиялық немесе психиатриялық диспансерлерде есепте  
тұратыны туралы мәліметтердің болмауы \_\_\_\_\_.

9. Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп  
танығаны туралы мәліметтердің болмауы \_\_\_\_\_.

10. Электрондық пошта мекенжайы (e-mail) \_\_\_\_\_.

11. Қоса берілетін құжаттар:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы Комиссия шешімінің көшірмесі;

3) тұрғылықты жері бойынша берілгеніне бір ай өтпеген өтелмеген немесе  
алынбаған сотталғандығының болмауы туралы анықтама;

4) тұрғылықты жері бойынша берілгеніне бір ай өтпеген наркологиялық және  
психиатриялық диспансерлердің медициналық анықтамалары;

5) тұрғылықты жері бойынша берілгеніне бір ай өтпеген сот әрекетке  
қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танығаны туралы мәліметтердің  
болмауы туралы анықтама.

Ескертпе: құжаттардың көшірмелері салыстырып тексеру үшін  
түпнұсқасымен бірге не құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері  
ұсынылады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын  
мәліметтерді пайдалануға келісемін.

---

(қолы) (аты-жөні)

20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

(күні)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 26 ақпандағы  
№ 130 бұйрығына  
2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер комитеті

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_  
(болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(нақты тұрғылықты мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(байланыс телефондары)

**Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаның деректеріне өзгерістер енгізу туралы өтініш**

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 6-тармағына сәйкес

\_\_\_\_\_  
(тіркелген күні және нөмірі)

уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушы ретінде қызметті жүзеге асыру мақсатында тіркелген \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_  
деректеріне өзгерістерді енгізуді сұраймын, атап

(болған жағдайда))

айтқанда:

\_\_\_\_\_  
(тіркеу туралы өтініште көрсетілген өзгертуге жататын деректер

---

туралы мәліметтер көрсетіледі).

\_\_\_\_\_

(қолы) (аты-жөні)

20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

(күні)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 26 ақпандағы  
№ 130 бұйрығына  
3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік кірістер комитеті

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_

(болған жағдайда))

\_\_\_\_\_

(нақты тұрғылықты мекенжайы)

\_\_\_\_\_

(байланыс телефондары)

**Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты  
басқарушылардың қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаны  
тіркеуден шығару туралы өтініш**

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2015  
жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 8-тармағының 5) тармақшасына  
сәйкес \_\_\_\_\_ уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша  
(тіркелген күні және нөмірі)

және банкроттықты басқарушылар ретіндегі қызметті жүзеге асыру  
мақсатында тіркелген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ байланысты тіркеуден алуды сұраймын

(негіздеме)

Қосымша:

1. Әкімшінінің қызметін жүзеге асырудан шеттету және жаңа кандидатураны таңдау туралы кредиторлар жиналысы хаттамасының көшірмелері.

\_\_\_\_\_ (қолы) (аты-жөні)

20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

(күні)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 26 ақпандағы  
№ 130 бұйрығына  
4-қосымша

Нысан

**Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаның тіркелгендігі туралы растау**

20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті,

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларының қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адам ретінде тіркегенін растайды.

Ескертпе: "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 6-тармағына сәйкес тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректер өзгерген кезде, уәкілетті органда тіркелген адам өзгерістер туралы уәкілетті органға бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік кірістер

комитеті төрағасының

орынбасары \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.) (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің

Нысан

**Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты  
басқарушылардың қызметін жүзеге асыруға тіркеуден бас тарту**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы  
7 наурыздағы Заңының 12-бабы 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті,

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

аталған Заңның \_\_\_\_\_-бабы \_\_\_\_\_-тармағының \_\_\_\_\_) тармақшасына сәйкес \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ байланысты, уақытша  
әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар ретінде қызметті  
жүзеге асыруға тіркеуден бас тартады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік кірістер

комитеті төрағасының

орынбасары \_\_\_\_\_

(Т. А. Ә.) (қолы)